

## Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 2001 жылғы 2 әкпан N 201. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

1. Қоса беріліп отырған Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті шешімдерді әзірлеу және заң жобаларын дайындау кезінде осы Тұжырымдаманың негізгі ережелерін басшылыққа алсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2001 жылғы 2 әкпадағы

N 201 өкімімен

мақұлданған

## **Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

### **Kіріспе**

Осы Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Президентінің "Қылмысқа және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 20 сәуірдегі N 377 Жарлығына сәйкес әзірленді.

Бұл тұжырымдаманы дайындау қажеттігі елдегі қылмыстық ахуал белгілі дәрежеде тұрақтануына қарамастан, экономика саласындағы құқық бұзушылық мемлекеттің тіршілік әрекетінің барлық саласына жағымсыз әсер етуін жалғастыруынан және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді тежеуінен туындалап отырып.

Тұжырымдама экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және талдау деңгейін арттыру жөніндегі негізгі бағыттарды, мақсаттарды және басым міндеттерді жүйелі түрде баяндау

былып табылады. Оны іске асыру басты міндетті шешуге - экономикалық құқық бұзушылыққа пәрменді әрі мақсатты түрде қарсы тұруға, оның деңгейі мен санына мемлекеттің қызмет етуі үшін экономикалық қауіп төндірмейтіндей деңгейге ұдайы әрі үздіксіз жеткізуге мүмкіндік туғызады.

Тұжырымдама экономикалық қауіпсіздік проблемаларымен айналысадын органдар қызметтерінің бағыттары бойынша кешенді мақсатты бағдарламалар, ведомстволық нормативтік құқықтық құжаттар әзірлеу үшін негіз болады.

1. Экономика саласындағы күккүйк бұзушылықтардың даму үрдістері

## 1.1. Экономикалық құқық бұзушылықтардың табиғаты

Экономика мен бүкіл қоғамдық өмірді реформалаудың жоғары қарқыны қоғамдық қатынастардың барлық нысанына, ең алдымен экономикаға, әсерін тигізбей қоймады. Меншіктің құрылымы елеулі түрде өзгерді, экономикалық қатынастар салалары кеңіп, сыртқы экономикалық байланыстарды ырықтандыру жүзеге асырылды, барлық шаруашылық субъектілерінің экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыруына жол ашылды, банк туралы заңдар елеулі жақсарды, ол банктерде, соның ішінде шет ел банктерінде де кедергісіз есеп-шоттар ашуды жүзеге асыруға жәрдемдесті, кәсіпорындарды тіркеу мен тарату тәртібі, рұқсаттама құжаттар, мөрлер мен мөртабандар алу жеңілдетілді.

Экономикалық өмір серпінінің едәуір артуы, шаруашылық қатынастардың жаңа нысандарының пайда болуы экономикалық құқық бұзушылықтар табиғатының өзгеруіне алып келді. Бұл объективті үрдіс нарықтық қайта құрудың жоғары қарқыны жағдайында нормативтік база мен құқық қолдану практикасының экономикалық қарым-қатынастардың қалыптасқан деңгейіне және олардағы өзгерістің жаңа үрдістеріне барабар келе бермейтінімен қүрделене түседі.

Сондықтан жаңа шаруашылық қатынастар нысандары қолданыстағы нормативтік базаға қайшы келеді. Құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері қоғамдық қауіпті болып табылмаса да, заң нормаларының қолданылуы бойынша іс жүзінде экономикалық құқық бұзушылықтар саласына жатады.

Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің негізгі проблемаларына мыналарды жатқызуға болады:

1) құқық қорғау және қаржы-экономикалық органдардың шаруашылық қатынастардың өзгеруі жағдайына тиісті жауап әрекет ету қабілетінің жетіспеушілігі;

2) шаруашылық қатынастар езгеруінің жоғары қарқыны мен шаруашылық субъектілерінің операцияларды жүзеге асыруы, есеп-шоттарды ашуы, экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыруы тұрғысынан ұтқырлығы - анықтау және алдын-ала тергеу жүргізу, айғақтарды жинау мен бағалау

жөніндегі қажетті рәсімдерді жүргізуді қамтамасыз етуге көп уақыт жұмысауды талап ететін қолданыстағы іс жүргізу нормаларының дамуынан басып озуды;

3) тіпті заңдарды жедел өзгерту жағдайы экономикалық өмір болмысына әрдайым ілесіп үлгере алмай келеді, ал кейде экономикалық өзара қарым-қатынастар тым кең түрде түсіндіріліп азаматтар мен заңды тұлғалардың шаруашылық құқықтарына теріс әсерін тигізуі мүмкін.

## 1.2. Экономикалық құқық бұзушылықтар ұйымдастын қылмыстың базасы ретінде

Экономикалық қатынастардың ұдемелі дамуы қолданыстағы заңдармен әртүрлі деңгейде реттелетін экономикалық қызмет түрлерінің пайда болуына ықпал етті. Бұндай қызметті шартты түрде үш топқа белуге болады:

а) бейресми экономика - заңды түрде шаруашылық жүргізуі субъектілердің ресми есеп берулерінде көрсетілмей, табыс табуға бағытталған, сондай-ақ салықтық төлемдерді мейлінше кеміту үшін бейресми еңбекақы төлеу мақсатындағы қызметі ;

б) көлеңкелі экономика - шаруашылық қызметі салаларында салық төлеушілер немесе заңды тұлға ретінде тіркелмеген, қолданыстағы заңдармен тыйым салынбаған, табыстың барлық түрін салық салудан толық жасыру мақсатында заңсыз жұмыспен қамтуды пайдаланатын субъектілердің қызметі;

в) заңсыз экономика - қолданыстағы заңдармен ресми түрде тыйым салынған, ол салалардағы қызмет қылмыстық әрекет ретінде жазаланатын шаруашылық жүргізу қызметі (алкогольді заңсыз өндіру, есірткілер мен есірткі құрамдас заттардың айналысы, қару-жарақ пен оқ-дәріні заңсыз өндіру және сату, жезөкшелік және басқа да түрлері).

Көлеңкелі экономиканың басым бөлігі мен бүкіл заңсыз экономиканы бүгінгі күні қылмыс әлемі тарапынан реттеу мен ынталандыруға әрекет жасалуда.

Бұдан басқа, экономика саласында әрекет етуші ұйымдастын қылмыс, көбінесе жекелеген сыйайлар жемқор лауазымды тұлғалардың жәрдемдесуімен қызмет жасауда .

Қызмет бабындағы қылмыстардың ерекшелігі оны тек белгілі бір қызмет атқаратын тұлғалардың әрі нық кәсіби міндеттерін атқаруымен ғана байланысты жасайды алудың болып отырып .

Қылмыстық жолмен табылған ақшаны заңды бизнеске, әртүрлі жылжымалы және жылжымайтын мүлікке салу процесі, басқаша айтқанда, оны "тазарту" жандана түсуде. Халықаралық қылмыстылықпен байланыстардың орнауы жиілеп отырып .

Бүгінгі күннің өзінде, экономика саласындағы құқық бұзушылықтардың мемлекетке тигізіп отырған залалы мамандардың бағалауы бойынша жылына ондаған миллиард теңгеге бағаланады.

Сондықтан да осындай теріс құбылыстарға қарсы күрес елдің құқық қорғау және қаржы-экономикалық органдарының аса маңызды міндеттерінің бірі болып та б ы л а д ы .

Алайда, тек қылмыстық қудалау және әкімшілік жаза қолдану шаралары арқылы ғана ұйымдасқан қылмысқа ойдағыдай қарсы тұру мүмкін еместігі айқын . Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес құқықтық проблема ғана емес.

Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдардың қалыптасуына және қызметіне ықпал ететін жағдайлардың тікелей жолын кесуге бағытталған саяси, құқықтық, ұйымдық, алдын алу шараларының өзара байланысты кешенін іске асыру қажет.

## **2. Экономикалық құқық бұзушылықтардың құрылымы**

Экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің басымдықтарын негұрлым толық анықтау үшін олардың құрылымының өзгеріс қарқынын айқын түсінү қажет .

Қазақстан тәуелсіздік алған кезең ішінде белсенді экономикалық реформалардың әсерімен экономикалық құқық бұзушылықтар құрылымы біраз өзгерді .

### **М ә с е л е н :**

1990-1993 жылдары мемлекеттік мұдделерге залал келтірудің негұрлым белсенді нысандары - мемлекеттік меншікті ұрлау, сыртқы экономикалық операцияларды заңсыз жүзеге асыру;

1993-1995 жылдары - шағын жекешелендіру, қаржы-несие қатынастары саласындағы құқық бұзушылықтар, Үкімет кепілдігімен қайтарылмаған қарыз алу, акцизделген тауарлар контрабандасы;

1995-1997 жылдары - жекешелендіру саласындағы лауазымдық теріс пайдаланулар, жалған банкроттықтың алғашқы тетіктерінің пайда болуы, экспорттық-импорттық операциялары саласындағы жолсыздықтар, несие қаражатын пайдаланудағы жолсыздықтар, заңсыз сауда, капиталдың заңсыз әкетілуі, "біркүндік" фирмалардың құрылуы;

1997-2000 жылдары - жалған банкроттық тетігі арқылы салықтар төлеуден жалтару, контрабанда, оның ішінде экономикалық контрабанда, несиелік берешектерді өтеуден қасақана жалтару, акцизделген өнімді шығарумен және сатумен байланысты құқық бұзушылықтар, заңсыз кәсіпкерлік қызмет, экономика саласында лауазымдық өкілеттілікті теріс немесе асыра пайдалану.

Мамандардың бағалауынша 2001-2003 жылдар кезеңінде экономика саласындағы негізгі және орнықан құқық бұзушылықтар мыналар болып табылады.

### **2.1. Салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар**

Аталған құқық бұзушылықтар мемлекетке барынша көп залал келтіреді, әрі мемлекеттік органдарға кірігу, ұйымдасқан топтар құру және олардың шетелдік

қылмыстық сыйбайластармен байланысу жолымен қылмыстылықтың неғұрлым жоғары жүйедегі деңгейіне көшуіне негіз болады.

Құқық бұзушылықтардың бұл тобына мыналар жатады:

- салықтар төлеуден жалтару;
- заңсыз кәсіпкерлік және жалған кәсіпкерлік;
- алаяқтық;
- жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді жасау, дайындау немесе өткізу;
- акциздік алым маркаларының жалған көшірмесін жасау және пайдалану.

Салықтар төлеуден жалтарудың бірқатар орнықкан негізгі тәсілдері: оффшорлық аймақтарда орналасқан компанияларды пайдалану; коммерциялық операциялар жүзеге асырылатын жалған кәсіпорындар мен "біркүндік" фирмаларды құру; қосар бухгалтерия жүргізу жолымен салық салынатын объектілердің немесе ұйымның немесе оның лауазымды адамдарының нақты орналасқан жерін жасыру; салық органдарына салықтық есеп беру құжаттарын табыс етпеу немесе салықтық есеп беру құжаттарына кірістер, шығыстар, салық салу объектілері, шығындар сомасы немесе салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер сомасы туралы көрінеу жалған деректер енгізу; салықтардың тұтас немесе жекелеген түрлері бойынша кәсіпорынның салық органында есепке тұруынан жалтару; салық органына хабарламастан бірнеше банк есеп-шоттарын ашу салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын ұйымға қатысты қолданудан жалтару мақсатында ұйымның активтерін қасақана кеміту; ұйымның банктік есеп-шоттарын айналып өтіп, соның ішінде ұшінші тұлғалар банктік есеп-шоттары арқылы шаруашылық операциялары үшін есеп айырысу не қолма-қол ақшамен есеп айырысу жүргізу; шот-фактураларды ресімдеуден жалтару немесе жалған шот-фактураларды ресімдеу.

Осыған байланысты салықтық құқық бұзушылықты нақтылау мен құрамын айқын бөлшектеу және олардың жасалуына жауапкершілікті қатайту бөлігінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы зандар мен қылмыстық зандар нормаларының өзгеруі айрықша көкейтесті болады.

Осы құқық бұзушылықтарға қарсы құрес салық органдары мен қаржы полициясы органдарының қызметінде басымдыққа ие болады.

## 2.2. Капиталдың заңсыз әкетілуі және трансферттік баға белгілеу саласындағы құқық бұзушылықтар

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне төнетін маңызды қатерлер капиталдың елден тыс жерлерге заңсыз әкетілуі және салық салынатын кірісті кеміту мақсатында бағаларды көрсетуде айла-шарғы жасау болып табады.

Шетелге капиталдың әкетілуінің ең көп таралған тәсілдерінің бірі

трансұлттық корпорациялардың ішінде трансферттік баға белгілеу болып табылады. Шетелге капитал әкетуден басқа, трансферттік баға белгілеу - салықтарды төлеуден жалтару, экономикалық құқық бұзушылықтардың белгілері бар акциялардың мемлекеттік пакеттері бойынша дивидендтер мөлшерінің кемуі сияқты теріс салдарларға алып келеді.

Жоғарыда көрсетілген операциялардың әрекет ету принципі күрделі, трансұлттық корпорациялардың ішкі корпоративтік тізбегінде әдетте делдал (оффшорлық) сауда-сатып алу компаниясы қатысады, оның есеп-шотына бүкіл шоғырланған топтың кірістері жазылады. Топ өз кірістерін азайтып, салықтар және мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жа л т а р а д ы .

Бір корпоративтік құрылым бөлімшелерінің арасында трансферттік бағаны қолдану практикасының өзі, егер аффилиирленген (қосылма) тұлғалар арасындағы мәмілелер халықаралықрынокта белгіленген ережелерге сәйкес жүргізілсе немесе қатысуши тараптардың бірінің пайданы ала алмағанына жеткілікті дәлелдер бар болып, корпоративтік құрылымның қойылған стратегиялық мақсаттарына жеткеннен кейін өтелетін болса, тыйым салынған іс-әрекет болып табылмайды. Мемлекеттің араласуы мемлекеттен тыс жерлерге капиталдың бөлігін заңсыз әкету мақсатында трансферттік баға белгілеу тетігін теріс пайдалану фактісі анықталған жағдайда ғана талап етіледі.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірісіндегі шығынды болдырмау және оның экономикалық мұдделерін қорғау мақсатында трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселелерін реттейтін заң және заңға тәуелді актілер қабылдау айрықша көкейкесті сипатқа и        .

Осы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес салық органдарының қаржы полициясы, ұлттық қауіпсіздік, кеден органдарымен, басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен және халықаралық құқық қорғау ұйымдармен өзара тығыз қарым-қатынасында басым болып табылады.

### 2.3. Сыртқы экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтар

Алдағы кезеңде сыртқы экономикалық қатынастар (контрабанда, кәсіпорындар шығындарына жататын: шеттен әкелінетін тауар-материалдық құндылықтар құнының түсі, шеттен әкелінетін тауар-материалдық құндылықтар құнының өсуі, кеден органдарындағы сыйайлас жемқорлық) саласындағы құқық бұзушылықтар басым болып табылады.

Қазіргі уақытта кеден органдарында сыйайлас жемқорлықты түбірімен жою қыын, өйткені бүкіл кеден салықтары мен алымдарын төлегеннен гөрі, сыртқы экономикалық қызметке қатысуышыға заңсыз сыйақы беру екеуара тиімді процесс

жүруде. Көрсетілген жолсыздықтар, атап айтқанда, жекелеген тауарлар тұрлеріне кеден баждарының жоғары ставкаларынан және ел аумағына тауарлардың импорты кезінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің жолында тұрған тоқаудардан пайда болады.

Мемлекеттің экономикалық мүддесіне кеден саласында жасалатын құқық бұзушылықтар, әсіресе контрабанда, соның ішінде экономикалық құқық бұзушылықтар айтарлықтай нұқсан келтіреді.

Біріншіден, ел бюджетіне кеден баждары, салықтар мен алымдар түспейді.

Екіншіден, контрабанда ұрлықпен, соның ішінде аса ірі көлемде тауарлар, шикізат ұрлаумен, салық төлеуден жалтарумен, қызмет бабындағы қылмыстармен және басқа да құқыққа қарсы әрекеттермен тығыз байланысқан.

Контрабандалық әрекет барған сайын ұйымдастырылған және ауқымды сипат алуда, оның жұмыс істеу тетігі (жеке бас қауіпсіздігі, тасымалдау, байланыс, сату) жетіле түсүде.

Кеден құжаттарында декларацияланатын жүктөр атауының өзгеруі, кеден декларацияларында көрсетілуімен салыстырғанда нақты әкетілетін немесе әкелінетін жүктөр мөлшерінің арту жағдайлары жиі байқалуда.

Шекаралас мемлекеттерге және тіпті алыс шетелдерге әкетілетін өнеркәсіп орындарының өнімдері контрабандасының ауқымы ұлғайды, металл сыйықтарын, соның ішінде тұсті металдарды зансыз әкету азаяр емес.

Құстардың бағалы тұқымын, дәрілік есімдіктерді, бидай мен ұнды, мәдени және тарихи құндылығы бар заттарды, ауыл шаруашылығы жануарларының терілерін контрабандалық жолмен әкету жағдайлары тіркелді.

Мемлекет аумағына темекі өнімдерін, спиртті, мұнай өнімдерін, сапасыз азық-тұлік өнімдерін, майда өндірістің сынамасы төмен, кең тұтынылатын тауарларын зансыз әкелу ауқымы едәуір болып отыр.

Өнімнің келісім-шарттың бағасы төмендеуде, ал бағалардағы айырмашылық шетел банктеріндегі шоттарда қалып қояды және қатысушылар арасында бөлінеді.

Көптеген мәмілелерді жабу үшін, көбінесе ойдан шығарылған шетел фирмаларымен жалған келісім-шарттар жасалады, жалған құжаттар ресімдеу арқылы жүктөрge жалған декларациялау жүргізіледі. Кедендік және өзге де жалған құжаттар жасау, шетел банктерінің шотына валютаны кейіннен айырбастау мен аудару арқылы жалған келісім-шарттарды жамылдып банк кредиттерін алу жағдайлары аз кездеспейді. Сыртқы сауда мәмілелерін жүзеге асыру кезінде алынатын валюта қаражатының толық көлемі жиі жасырылады. Валютаның сыртқа кету арналарының бірі шетелдік фирмалар болып отыр. Жеткізілді-міс деген тауарлар немесе қызметтер үшін алынатын ақша қаражаты қазақстандық банктердегі шетелдік фирмалар шоттарына жіберіледі және сонан

кейін корреспонденттік шот арқылы шетелге аударылады.

Осы бағыттағы басым міндеттердің бірі ретінде кеден және валюта зандарын жүйелеу жөніндегі жұмысты көрсете қажет.

Осы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес қаржы полициясы, ішкі істер, кеден органдарының өзара іс-әрекеті, ал қажет жағдайларда ұлттық қауіпсіздік органдары, Ұлттық банк, Экономика және сауда министрлігі үшін басым болып табылады.

#### 2.4. Жалған және қасақана банкроттық

Жалған және қасақана банкроттық салықтан жалтарудың бір нысаны болып табылады, өйткені қолданылып жүрген салық заңдарының кәсіпорындар банкроттығы бөлігіндегі ырықты нормалары көп жағдайларда бюджеттің талаптарын қанагаттандыруға қажетті мүліктің қалмауына немесе жеткіліксіздігіне әкеп соғады, әрі неғұрлым бағалы тауар-материалдық активтерінің талан-таражға түсүі кепілді ресімдеу және кәсіпорын активтерін төмендетілген баға бойынша сату жолымен банкроттыққа дайындық сатыларында пайда болған аффилиирленген (қосылма) құрылымдар арқылы

Сондықтан бүгінгі күні жалған банкроттық салық міндеттемелерін орындаудың бір нысаны және меншікті мемлекеттік меншіктен мемлекеттік емес меншікке қайта бөлу нысаны болып табылады.

Бірінші кезекте, мұндай құқыққа қайшы әрекеттер мемлекеттік, сол сияқты аумақтық және салалық деңгейдегі өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер және жұмыстар) өндірісінде әлеуеті жағынан пайдалы болып табылатын немесе монополияға ие болуы мүмкін экономикадағы кәсіпорындарға қатысты бағалауды.

Бұрын табиғи монополистер болған және монополиясыздандыру бағдарламасына түсken кәсіпорындардың жалған банкроттық жағдайлары жиілеп кетті. Бұл ретте аралас капиталы бар аса ірі фирмалар да, сондай-ақ жеке тұлғалар да оларды төмендетілген құны бойынша кейін сатып алу мақсатымен негізгі және айналым қаражатының құн балансын қасақана бұрмалайды.

Осындай кәсіпорындарды сату конкурстар мен аукциондардың шарттарын  
бұзғалықтың орынбасарының тапсынышынан жасалады.

Салық салудан жалтарудың бір нысаны деп бюджет алдында берешегі бар кәсіпорындардың соңынан қасақана және жалған банкрот деп жариялайтын жаңа заңды тұлғалар құруын атауға болады.

Аталған проблеманың туындауына жағдай жасайтын себептер, қолданылып жүрген зандағы ақтандактар және әрекетсіз занды тұлғаларды таратуға қатысты нормаларды әркилы түсіндіру болып табылады.

Осы құқық бұзушылықтарға қарыс күрес салық органдары, қаржы полициясы

органдары үшін Әділет министрлігімен, Қаржы министрлігімен, ішкі істер органдарымен және Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттікпен өзара іс-әрекетте басым міндеттер аясына енетін болады.

## 2.5. Акцизделетін тауарлардың заңсыз өндірісіне және сатуға байланысты құқық бұзушылықтар

Тұтынурыногының осы саласындағы қылмысты жағдай барынша күрделі, әрі нашарлау үрдісіне ие болып отыр.

Тауарлар акциздік алым маркаларының немесе жарамсыз маркалармен сатылады. Осы акциздік маркалардың мемлекеттік үлгіде дайындалғаны, сондай-ақ жалған түрлері де сатуда бар.

Алкоголь өнімі, спирт, темекі бұйымдары, мұнай, бензин және дизель отыны сияқты акцизделетін тауарларды заңсыз сату неғұрлым көп тарап отыр.

Есепке алынбаған спирттің негізінде сапасы төмен, алкоголь өнімдерін жасырын өндірушілердің саны өсуде. Жүргізілген талдау жасырын алкоголь бизнесі іскерлерінің кәсіпқой және жалпы қылмыстармен кірігіп кеткендігін дәлелдейді. Жасырын алкоголь бизнесіне қарсы күрестің күшеюі оны өз капиталын "зандастыру" мақсатында осындай өнімдердің заңды лицензияланған өндірісіне енуге мәжбүр етеді.

Салық органдары мен Акцизделетін өнімнің өндірісі мен айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет үшін акцизделген өнімдердің заңсыз айналымына қарсы күресті: алкоголь өнімдері бойынша - ішкі істер органдарымен бірлесе отырып, акцизделген өнімдердің қалған түрлері бойынша қаржы полициясы органдарымен және кеден органдарымен бірлесе отырып жүргізу басым болып табылады.

## 2.6. Бюджет саласындағы құқық бұзушылықтар

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде қаражат жұмсау жөніндегі заң талаптарын орындауға, бюджеттік қаржыландыру ережелерін бұзуға, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін қосалқы бөлшектер сатып алуға, медициналық жабдықтар және дәрілер, байланыс құралдары мен коммуникациялар сатып алуға байланысты өндіру және қайта өндеу салаларындағы жобаларды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік қаражат пен мұліктерді ұрлау, бюджет қаражатын тиімсіз және мақсатсыз пайдалану жағдайлары жиілеп кетті.

Аталған саладағы басым міндеттер республикалық және жергілікті бюджеттердің ішкі және сыртқы аудитінің дамуы, Есеп комитеті мен мәслихаттардың ревизиялық комиссияларының мәртебесін көтеру болып табылады.

Республикалық бюджеттен берілген несиelerdі, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының мемлекеттік кепілдері бар, мемлекеттік емес сыртқы заемдар шеңберінде республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты қайтару жөніндегі жұмысты **күшешітү** **ка же т.**

Осындай құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу Қаржы министрлігі, Бас прокуратура, қаржы полициясы, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары үшін басым болып табылады.

### **2.7. Қаржы құралдарырындағы және электрондық операциялар саласындағы құқық бұзушылықтар**

Көрсетілген топтың құқық бұзушылықтармен тигізетін залалдарының саны мен мөлшерінің олардың салыстырмалы түрде таралмаған сипатына қарамастан, **ұлғаю** **урдісі** **бар.**

Аталған құқық бұзушылықтарға бағалы қағаздармен заңсыз операцияларды, вексельдер мен банк кепілдерінің жасандысын, жалған кредиттік карточкалар мен чектерді, оның ішінде Visa, MasterCard, American Express халықаралық төлем жүйелерін пайдалану, компьютерлерге, оның ішінде банк жүйелеріне заңсыз **енуді** **жатқызуға** **болады.**

Осы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес қаржы полициясы органдары, Ұлттық банк, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия және қажет жағдайда ұлттық қауіпсіздік органдары үшін басым болып табылады.

Экономика саласындағы құқыққа қайши әрекеттердің атап көрсетілген бағыттары құқық бұзушылықтар мен қылмыстық қол сұғушылықтардың бүкіл тізбесін толық қамтыймайды, тек қана мемлекеттік құрылымдардың назарын экономикалық құқық бұзушылықтардың неғұрлым маңызды түрлеріне аударады.

### **3. Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің басым міндеттері**

Экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің негізін құрайтын проблемалардан мынадай басым міндеттер туындаиды:

- заңдардың қолданылып жүрген нормаларының бейімделуінің жоғары деңгейін өзгермелі шаруашылық жағдайларына қарай қамтамасыз етуді қоса алғанда, заң шығарушылық және құқықтық қолдану жұмысын жетілдіру (оның ішінде қылмыстық заңдар және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңдар);
- мемлекеттік органдар шаруашылық жағдайларының өзгерістеріне, экономикалық құқық бұзушылықтың жаңа түрлерінің пайда болуына жедел және өзара тығыз іс-қимылмен жауап әрекет ету негізінде әдістемелік және **методологиялық база** **құру;**

- нормативтік базаны және экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің тиісті құралдарын дамыту;
- жаңа экономикалық талаптарға сәйкес кадрлар даярлауды қамтамасыз ету;

- тергеу ісін жүргізудің бөлінісі негізінде құқық қорғау органдары арасындағы функцияларды барынша анық бөлу және экономикалық құқық бұзушылықта қарсы күрестің басым бағыттарын әрбір құқық қорғау органы үшін айқындау;

- қаржылық-экономикалық пен құқық қорғау органдарының өзара тығыз іс-қимылын келістіру;

- экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу саласында мемлекеттік саясатты жүргізу, экономикалық құқық бұзушылықтардың қарқыны мен құрылымының өзгеруіне мониторинг жүргізу, салық мәдениетін насхаттау, экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы күресте мемлекеттік органдардың қызметіне көбірек ашық сипат беру.

#### **4. Тұжырымдаманы іске асырудың бағыттары**

4.1. Экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіру

Экономикалық құқық бұзушылықтар саласындағы күресті жетілдірудің аса маңызды тұтқасының бірі - экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі органдардың функцияларын ажырату және нақтылау.

Экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы күресте барлық мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы мен күш-жігерінің үйлестірілу деңгейін көтеру қажет.

Салық полициясының жалған кәсіпкерлік, заңсыз кәсіпкерлік қызмет жөнінде, акцизделген тауарларды заңсыз өндіру және сатуға қарсы күрес жөнінде жинақтаған тәжірибесін жетілдіру қажет. Ішкі істер органдары аумақтық деңгейде кеңірек орналасқандықтан әрі олар аумақтың әр участесімен тікелей байланыста болатындықтан, олар да заңсыз кәсіпкерлік пен жалған кәсіпкерлікті анықтау жөніндегі өз жұмысын жандандыруы тиіс, ол үшін қылмыстық іс жүргізу заңдары мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңдарға тиісті өзгерістер енгізу қажет.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті жедел сипаттағы көптеген мүмкіндіктерге ие болып отырғандықтан, қаржы полициясы және ішкі істер органдарымен іс-қимылын үйлестіре отырып капиталды заңсыз әкетудің жолын кесу, электронды қылмыс саласындағы тергеулер, қылмыстық жолмен келген ақшаны заңдастыру жөніндегі жұмысты жандандыруы және аталған құқық бұзушылықтарды анықтауға және ашуға тікелей қатысуы тиіс.

Экономикалық құқық бұзушылықтардың даму үрдістері мен оларға қарсы күрес жолдарын айқындау экономика саласындағы жолсыздықтармен байланысты істерді соттардың қараша нәтижелерін жүйелеуін және практиканы қорытуының нәтижелерін мұқият талдаусыз және зерделеусіз мүмкін болмайды.

Залалдың орнын толтыру, сондай-ақ материалдық жауаптылық жазалауға жеткілікті нысан болып табылатын, экономикалық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері үшін жауапкершілікті "үнемдеуді" көздеу орынды болып табылады. Осыған байланысты, Әділет министрлігі Бас прокуратурамен бірлесіп, қылмыстық заңдардың тиісті нормаларын өзгерту жөнінде ұсыныстар әзірлеуі қ а ж е т .

Мемлекеттік органдардың күш-жігерін мынадай бағыттарға шоғырландыра отырып, ведомствоаралық жедел алдын алуштың арнайы іс-шараларын жүргізу  
қ а ж е т :

- шетел инвестициялары мен бюджет қаражатының мақсаттан тыс пайдалануын анықтау;
  - қылмыстық сипаттағы ақшаларды "жылыстау" фактілерін анықтау;
  - жекешелендіру саласындағы заң бұзушылықтарды анықтау;
  - мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау және өзге де органдар қызметкерлерінің арасында сыйбайлас жемқорлық фактілерін анықтау;
  - шетелге мұнай, астық, жер бетінде сирек кездесетін металдарды және басқа да стратегиялық маңызды шикізатты экспортқа шығарудың заңдылығы;
  - жалған банкроттықтың фактілерін анықтау;
  - контрабанда, акцизделген өнімдерді заңсыз өндіру және жалған ақша жасау фактілерін анықтау.

## 4.2. Жұмыстың нысандары мен әдістері

Құқық қорғау органдары айғақтардың, тағылған айыптардың барлық нысандарының жүйелік базасын қуруы және сол арқылы құқық бұзушылықтарды анықтау мен ашу алгоритмінің әдістемелік базасын жасауы тиіс.

Басым құқық бұзушылықтар бойынша жедел-іздестіру қызметінің рөлі мен қаржыландырылуын күшайту қажет, өйткені мәселен, жалған кәсіпкерлікті, жалған акцизделген өнімдерді әзірлеу, жалған банкроттық кезіндегі көптеген экономикалық құқық бұзушылықтарды арнайы іс-шараларсыз дәлелдеу мүмкін е м е с .

Экономикалық құқық бұзушылықтардың барлық нысандары елдегі жалпы бәсекелестік жағдайларына нұқсан келтіретіндіктен, занды мойындастын азаматтармен, кәсіпорындармен, қоғамдық бірлестіктермен олар мүдделі болатын өзара іс-қимылдың осындай тетіктерін жасау қажет. Мұның өзі, атап айтқанда, куәлерді қорғау, жедел ақпаратты өндеу және зандастыру тетіктеріне қатысты. Бұл ретте, осындай азаматтар мен занды тұлғалардың саналы белсенділігіне бастамашылық етудің маңызы зор.

Экономикалық құқық бұзушылықтардың өзіндік ерекшелігі мен күрделілігі барлық мәністерді, соның ішінде төте тексерулерді, растайтын құжаттаманы жинауды жүзеге асыру жолымен неғұрлым терең және жүйелі тексеру

қажеттігіне әкеледі. Осыны ескере отырып, банкроттық саласындағы немесе экспорт бағаларын төмендету саласындағы көптеген экономикалық құқық бұзушылықтар тергеушілер тобының ұзақ уақыт жұмыс істеуін талап ететіндіктен, құқық қорғау органдарының осы кезеңдегі қызметін қозғалған қылмыстық істердің өсуі арқылы бағалау мен өлшеу оң көрсеткіш болып табылады.

Жұмысты жақсартудың негізгі көрсеткіштері жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету жолымен салықтық құқық бұзушылықтардың санын азайту, сыртқы экономикалық қызмет саласында сыйбайлар жемқорлық деңгейін төмендету, мемлекетке тигізген залалдың (шығынның) нақты өтелуін және қылмыстық істер бойынша үкімдердің және әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша шешімдердің санын көбейту болып табылады.

### С а р а п ш ы л ы қ қ ы з м е т

Бұл бағыттың негізгі мақсаты табиғи шикізатты, жер қойнауын пайдалану жобаларын әзірлеу мен пайдалану жөніндегі тендерлерге қатысушылардың, мемлекет меншігін, жер, су және орман участкерлерін жекешелендіру жөніндегі аукционға қатысушылардың іскерлік беделі мен қаржылық жай-күйін тексеру болып табылады. Шетелдік, сондай-ақ отандық инвесторлардың инвестициялау жөніндегі іс-шараларына ерекше назар аударылады. Қоршаған ортаны ластап, сонысымен әлеуметтік мәселелерді шешуді мемлекеттің мойнына артатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметі туралы сарапшылар бағасы мен ақпарат алудың да маңызы кем түспейді. Іс-шаралар мен іс-қимылдардың басқа да түрлерін сараптау мүмкіндігі бар.

### Т а л д а у қ ы з м е т і

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен айналысатын құқық қорғау органдарының барабар және алдын алу іс-қимылдарының нұсқасын әзірлеу мақсатында тұрақты жүргізілетін талдау жұмысы экономикалық құқық бұзушылықтар дамуын стратегиялық "көре білуді" қамтамасыз ету, олардың мемлекеттік, аймақтық және салалық деңгейдегі қатерінің дәрежесін бағалауды қамтамасыз етуі тиіс.

Бұл бағыттың тікелей міндеттерінің шеңберіне, сондай-ақ елде, аймақта және дүниежүзілік қоғамдастықта қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларға қарай құқық қорғау органдарының іс-қимыл және әрекет ету тактикасын әзірлеу енүі тиіс. Қызметтің негізгі міндеттің экономика саласындағы құқыққа қайши қол сұғушылықтар қатері деңгейінің және кеңістік пен уақыттағы елдің экономикалық қауіпсіздігі деңгейінің арасындағы тұрақтылықтың оңтайлы теңгерімін іздестіру деп бөлу орынды болар еді.

### А л д ы н а л у қ ы з м е т і

Нарық қатынастарындағы көптеген субъектілердің құқықтық және

экономикалық сауаттылығының жалпы деңгейінің жеткіліксіз екендігін ескере отырып, насиҳат сипатында әртүрлі іс-шараларды дайындау жөніндегі ұдайы әрі нысаналы жұмыс қажет. Мұндай іс-қимылдардың мақсаты - құқықтық актілер мен нормаларды кеңінен түсіндіру, қаржы және бухгалтерлік нормативтер мен іс-әрекеттерді түсінікті жеткізу, занды сыйлайтын салық төлеушілердің беделін көтеру болуы тиіс. Ұдайы жүргізілетін насиҳат салық зандарын қоса алғанда, зандар нормаларын жоғары деңгейде танып-білу негізінде заның экономикалық құқық бұзушылықтар мәселесі бойынша дау тудырмауына байланысты психологиялық жайлы жағдай жасалуына бағытталуы тиіс.

### Қызметті жедел жоспарлау

Осы бағыт құқық қорғау органдарының экономикалық қауіпсіздік іс-шараларын жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық қызметіне бағындырылған және тәуелді. Міндеттер аясына мыналар кіреді:

құрылымды және басқаруды жетілдіру, тергеу және жедел іздестіру жұмысын ұйымдастыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, кадр жұмысы, коммуникациялық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

Осы бағыттағы жұмыстың мақсаты құқыққа қарсы әрекеттердің экономика саласындағы кез келген көрінісіне құқық қорғау органдары құрылымдарының барабар және жедел ден қоюның серпіндігі болуы тиіс.

Аталған бағыттар қызметтің басқа да ықтимал түрлерін түгел қамтымайды.

### 4.3. Халықаралық ынтымақтастық

Шет елдердің құқық қорғау органдарымен, бірінші кезекте ТМД елдерінің құқық қорғау органдарымен және Интерполмен пәрменді практикалық өзара іс-қимыл жүйесін құру бағыттың түйінді тұзы болып табылады.

Осындай ынтымақтастықтың міндеттері: қылмыскерлерді тапсыру, ғылыми және практикалық тәжірибе әрі ақпарат алмасу, проблемаларды талқылау және бірлескен зерттеулер жүргізу, экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы қуресті шарттық-құқықтық түрғыдан үйлестіру және басқалары болып табылады.

Экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы қуресте көкейкесті міндеттердің арасында - Қазақстан Республикасының экстрадиция, өзара құқықтық көмек туралы халықаралық шарттар жүйесіне, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қурес туралы конвенцияға, Қылмыстық жолмен жиналған капиталды "жылыстатуға" қарсы іс-әрекет жөніндегі конвенцияға, Ақша белгілерінің жалған көшірмелерін жасауға қарсы қурес туралы халықаралық конвенцияға және аталған халықаралық келісімдер шеңберіндегі белсенді қызметке қосылу.

### 4.4. Кадрларды даярлау

Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы қуресті жетілдірудің міндеттері жаңа буын мамандарының қажеттігін көздейді. Кадрларды даярлау,

оқыту және қайта даярлау да маңызды міндет болып табылады.

Экономикалық қауіпсіздік проблемаларымен көсіби түрде айналысадын қызметкер құқық және экономика саласындағы терең білікті маман болуға, осы салалардағы білімнің теориялық танымын, практикалық дағдылары мен шеберлігін бірдей менгеруге, шетел тілін білуғе тиіс.

Осыған байланысты заңи даярлық бағдарламасы экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы күресті жүзеге асыратын органдардың барлық оқу орындарындағы экономикалық пәндер бойынша осындай бағдарламамен тығыз ұштастырылуды тиіс.

Экономика саласындағы құқық қорғау органдарының жедел-іздестіру корпусының қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін тұрақты арттыру жөніндегі жұмысты, соның ішінде шетелдік сарапшыларды тарту арқылы жалғастыру қажет.

## **5. Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер**

Тұжырымдаманы іске асыру нәтижесінде:

- экономикадағы қылмыстырық деңгейі төмендейді, салық, кеден алымы және бюджетке төленетін өзге де төлемдерді жинау артады;

- сыртқы экономикалық қызмет саласындағы сыйбайлар жемқорлыққа қарсы  
күрес күшіндеңі;

- халықтың экономикалық құқық бұзушылықтарға қарыс күрес жүргізуі органдармен өзара түсіністігі аттады;

- бейресми экономиқаның үлесі төмендейді, көлеңкелі экономикаға қарсы құрес қүшәйеді және шаруашылық қызметтің барлық субъектілері үшін бірдей бәсекелестік жағдайы жасалады;

- экономикадағы үйымдасқан қылмыстың тегеуріні едөуір әлсірейді;

- қылмыстық ахуалдың жақсару үрдісі байқалады, экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтар үлесі төмендейді;

- экономикалық құқық бұзушылықтардың ашылуы артады;

- экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы пәрменді күрес үшін қажетті нормативтік құқықтық база қалыптастырылады деп көзделуде.

Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін негізгі нәтиже - елдің экономикалық қауіпсіздігіне тигізер қатерін азайту болып табылады.